

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ 1917-1937 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІ ТУРАЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Догалов А.Н.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: dogalov_an@enu.kz

Кеңес билігінің бірінші жиырма жылдығында дала өлкесінің экономикалық өсу мәселелері қазақ ұлтының ортасынан шыққан кеңестік және республикалық деңгейдегі мемлекет қайраткерлерінің басым бөлігінің экономикалық ой-пікірлерінде маңызды түрде орын алды. Жаңа биліктің патриоттық тәрбиесі бар басшылары Қазақстанның әлемдік өркениеттен әлеуметтік-экономикалық жағынан артта қалушылығын жоюды, патшалық билеп-төстеудің көпжылдық отарлаушылық тәуелділігінен құтылуды тек республиканың экономикалық өсуін жылдамдату есебінен ғана қол жеткізуге болатындығын анық түсінді.

Олардың пікірінше, экономикалық өсуге экономикалық дамудың экстенсивті және интенсивті жолдарын ұштастыру арқылы қол жеткізуге болады. Мәселен, Смағұл Садуақасов (Бас жоспар төрағасының орынбасары, ҚазКСР-н ағартудың халкомы) ауыл шаруашылығы сияқты Қазақстанның негізгі материалдық өндіріс саласының тиімді экономикалық өсуі үшін «... іс-шараның екі жақты түрі қажет. Біріншісі – мал басы санын және егіншілік аудандарын көбейтуге ұмтылу (экстенсивті жол – автор); екіншісі – шаруашылық жүргізудің барлық іс-шараларын интенсификациялауға және рационализациялауға бағыттау» [1].

Қазақстан сияқты жас социалистік республиканың дамудың интенсивті жолдарына өтуі, оның нақты қадап айтқан сөздері бойынша, бұл – «Біздің алдымызда ауқымды істер тұр. Бізге ірі индустрияны, ұтымды ауыл шаруашылығын және үлгілі санитарлық-гигиеналық талаптарды жасау қажет».

Смағұл Садуақасов ауыл шаруашылығын жүргізу әдістерін интенсификациялаудың бір бөлігін бірінші кезекте:

- мал шаруашылығынан – мал тұқымының сапасын жаппай жақсартудан және олардың санын көбейтуден көрді;
- егін шаруашылығынан – жерді өңдеудің ауқымды жұмыстарынан, қолданылатын ауыл шаруашылығы техникалары мен егін егу материалдарының сапасын жақсартып отырудан көрді.

Аграрлық секторда шаруашылық жүргізудің әдістерін оңтайландыру, оның пікірінше, экономикалық дамудың бұрын бұзылған деңгейін қалпына келтіру және байырғы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің аса күрделі кезеңінде Қазақстанның негізгі саласының экономикалық өсуіне қол жеткізу үшін аса маңызды мәнге ие болып табылады.

Барлық кеңестік масштабтың атақты мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов та осындай ойды құптаған. Ол социалистік құрылыс кезеңінде Қазақстанның экономикалық дамудың интенсивті жолына көшу қажеттілігіне аса маңызды түрде көңіл бөлді: «Шаруашылықты интенсификациялау аса маңызды орынға ие болады» [2, т. 3, 67 б.].

Оның айтуы бойынша, «Мал шаруашылығы саласын жүргізуді оңтайландыру (жақсарту) бірінші кезектегі міндет болып табылады, ол салаға үлкен өндірістік маңыз беру қажет, осыған байланысты – малдың тұқымын жақсарту, ұсақ малға (қойлар мен ешкілерге) және жұмыс малына ерекше көңіл бөлу, жылқы малын өсіруді және жылқы шаруашылығын жақсарту, әсіресе, егін шаруашылығы көптеп дамыған аудандарда жасанды шөп егу (жоңышқа егу және т.б.) амалдарын кеңейту, және басқа да көптеген міндеттерді орындау» керек [2, т. 2, 247 б.].

Мал шаруашылығында интенсификациялаудың басты бағыттарының бірі ретінде ол асыл тұқымды жақсарту, малдың сапалық құрамын көтеру және оның өнімділігін арттыру

мақсатында табындық мал шаруашылығын дамытуды санады. «... оңтайландыру, малдың тұқымын жақсарту, аса асыл тұқымды мал түрлерін дамытуға арнайы көңіл бөлумен байланысты оған өндірістік сипат беру бағытында мал шаруашылығын әрдайым дамытып отыруға ат салысу қажет» [2, т. 3, 99 б.].

Тұрар Рысқұловтың 1926 жылы республиканың қолда бар жайылымдық мүмкіндіктерін есепке ала отырып берген экономикалық болжамдары бойынша, Қазақстанда XX-ғасырдың 40-шы жылдарының басында барлық мал басы санын ешқандай күш жұмсамай-ақ шамамен 60-70 млн. басқа дейін жеткізуге болар еді.

Дегенмен де, Қазақстанның тәуелсіз дамуының алғашқы кезеңінде (XX-ғасырдың 90-шы жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру кезеңі) өнімділігі жоғары мал басы санының күрт қысқарып кетуі салдарынан алдағы болашақ уақыттарда Тұрар Рысқұловтың белгілеп кеткен межесіне қол жеткізе алмайтын шығармыз. Оның жағымсыз экономикалық салдарлары Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласының дамуында бірқатар онжылдықтар бойы теріс әсер ететін болады.

Қазақстанның егін шаруашылығы саласында, Тұрар Рысқұловтың айтуы бойынша, ауыл шаруашылығын жүргізудің интенсивті әдістерін біртіндеп енгізу және оларды кеңінен қолдану қажет еді. Бұл жөнінде ол былай деп жазды: «... егістік алқаптардың ауданын тек кеңейтіп қана қоймай, оның астықты өнімділігін көтеру, көптеген жолдарды пайдалану арқылы ауыл шаруашылығын интенсификациялауды жүргізу қажет (соның ішінде, мал шаруашылығын да - автор)» [2, Т. 3, 63 б.].

Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығынан егін шаруашылығының әртүрлі салаларын дамытуға көшу, Тұрар Рысқұловтың айтуынша, Қазақстанның аграрлық секторын интенсивтендірудің объективті үдерісі болып табылады» [2, т. 3, 212-213 б.].

Әрі қарай, ол экономиканың аграрлық секторын ұзақ уақыт басымдыққа интенсивтендірудің стратегиялық бағытын көрегендікпен болжай отырып, мынаны дәлелдейді: «Тыңайтқыштарды және жер өңдеуді, жерді игеру құралдарын ғана жақсартып қоймай, негізінен, ауыл шаруашылығын электрофикациялау жөнінде мәселе қозғау қажет» [2, т. 3, 63 б.].

Жалпы алғанда, Тұрар Рысқұловтың пікірінше, экономиканы, соның ішінде, ауыл шаруашылығын дамытудың интенсивті жолына салу өнеркәсіп салаларын дамытумен және бірінші кезекте ірі өнеркәсіпті дамытумен анықталады.

Қазақстанның экономикалық өсуінде жоғары қарқынға қол жеткізуді Тұрар Рысқұлов республиканың өндірістік инфрақұрылым салаларын дамыту және бірінші кезекте, темір жол саласын дамыту қажеттілігімен байланыстырады. «Қазақстан» атты өзінің монографиясында бұл жөнінде ол былай деп жазды: «Қазақстанның болашақ экономикалық дамуы, оның ішкі тауар айналымын күшейту, сонымен қатар, оның жекелеген бөліктерін жақындастыру – көбінесе, көлік инфрақұрылымын жақсартуға және бірінші кезекте, бірқатар жемір жолдарды салуға байланысты болып табылады» [2, т.3, 256 б.].

Кеңестік Қазақстанның экономикалық дамуын интенсивті жолдарға салудың объективті қажеттілігін сол кезеңдегі қазақтың басқарушылық элитасының көптеген басқа да өкілдері де түсінген. Олар далалық аймақтың материалдық өндірістің барлық салаларын дамытудың интенсивті жолдарына көшіру саясатына белсенді түрде қатысқан.

Мысалы, 20-шы жылдардың басында қазақ қоғамының Кеңестік халкомын басқарған Сәкен Сейфуллин, республикада қайта құрылып жатқан өнеркәсіптік кәсіпорындардың өнімділігінің аса жоғары болғандығын және алдыңғы қатарлы озық техникамен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін әрдайым талап етіп отырды. Ол бұл жөнінде табандылықпен былай деп айтты: «... фабрикалар соңғы үлгідегі техникамен салынуы керек және олардың өнімі сапа жағынан Мәскеу мен Петерборда шығарылатын маталардың сапасынан кем түспеуі керек» [3, 99 б.].

Ол индустриаландыру негізінде өндірісті қарқындандыру Кеңестік Қазақстанның дамуының басты тапсырмасы деп білді. Сейфуллин былай деп жазды: «шаруашылықтың келешекті үлгісі және ең маңыздысы – ол өнеркәсіп» [4].

Экономикалық дамудың қарқындылығына оның ойынша өндірістік инфрақұрылымның дамуы сәйкес деңгейге жеткен кезде жетуге болады, әсіресе - көліктік. Темір жолдардың, автокөліктердің дамуымен қатар ол Қазақстанда жаңа және келешегі зор көлік түрі - әуе көліктерін дамытуды ұсынды. Өзінің «Қазақстанда әуе кемесі болатын болды», «Ұшу бізге қажет», «Аэропланнан құр қалмайық» деген мақалаларында ол республикада әуе көліктерінің пайда болуы мақсатымен әуе кемелерін сатып алуды ұсынды. Бұл жайлы автор «Әуе кемесі ең алдымен Қазақстан тәрізді темір жолы жоқ, пароход жүрген өзен-сулары жоқ, жері қиырсыз шалғай бетпақ далалы халықтарға керек» деп жазды [3, 212 б.].

Қазақстанның экономикалық дамуының қарқынды жолмен дамуына, индустрияландырудың бесжылдығы мерзімінде Қазақ автономиялы республикасының Кеңхалкомның төрағасы қызметін атқарған Нығмет Нұрмақов үлкен үлес қосты. «Өнеркәсіпті дамытуға қатысты Қазақстанның келешегі сөзсіз зор. Бізде Қазақстанда ауыл шаруашылығы шикізатының жаратылыс байлығы, қазба байлығы ретінде де өте көп. Біз, ..., автономиялы республика болғандықтан, бірінші баста былғары, хош иісті өндіретін өнеркәсіптің дамуына және біздің шикізатқа негізделетін өнеркәсіптің салаларының дамуына құштармыз; басқа жағынан, біз қандай жағдай болмасын Кеңес Одағының орталық органдарының тікелей бағынуындағы таулы өнеркәсіпті назардан тыс қалдыра алмаймыз. Риддер, Қарсақпай, Ембі-мұнай Қазақстанның халық шаруашылығының дамуында орасан рөл ойнайды. Сондықтан оларды барынша қолдауымыз керек, орталық алдына біздің аумағымызда бар осы ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың алдағы уақытта кеңеюі мен дамуы бойынша мәселелерді қоюымыз керек» [5, 63 б.].

Өзінің осы сөз сөйлеуінде ол Қазақстан экономикасының ең осал жерін – көліктік инфрақұрылымның дамымағандығын айтты: «Өнеркәсіптегі сияқты ауыл шаруашылығының дамуы да бізде Қазақстанда теміржолдың жоқтығы кемшілігіне алып келеді – деп жазды республика Үкіметінің төрағасы» [5, 63 б.]. «Теміржол Қазақстанның шекарасымен ғана өтеді, ал біздің кең байтақ аумағымыздың шаруашылыққа зор маңызы бар орталық бөлігі теміржолмен қамтылмаған» [5, 164 б.].

«Қазақстанда едәуір бай аудандар бойынша теміржолдар өтпесе өнеркәсіптің дамуы, ауыл шаруашылығының дамуы әлсіз қарқынмен жүретін болады» [5, 63 б.].

Бұдан әрі ол Қазақстанда теміржол көліктері дамуының болжамды келешегін бөлшектеп суреттеді.

Біріншіден, «Семей мен Түркістанды қосатын теміржол құрылысын осы жылдан бастап бастау туралы одақтық үкіметтің шешімін» көрсетті және «Семей губерниясы мен Жетісудің көптеген бай аудандарымен өтетін мыңнан аса шағырымға созылатын бұл теміржол Қазақстан республикасы өмірінде Қазақстанның халық шаруашылығының дамуында орасан зор рөл атқаратынын» белгіледі» [5, 63 б.].

Екіншіден, «Жетісу жолынан басқа Петропавлдан Көкшетау арқылы Ақмолаға өтетін жол жұмысын бастау болжанады. ... Бұл жол, Қазақстанның көптеген бай аудандарын кесіп өтетін, таулы өнеркәсіптің дамуына зор мүмкіндіктері бар республикамыздың дәл ортасынан және оның өнеркәсіптік аудандарынан өтетін – бұл жол, Қазақ Кеңестік республикасының жаңаруына орасан маңызға ие» [5, 64-65 б.].

Үшіншіден, «Қазақстан аумағында бесжылдық уақытта тағы да бірнеше теміржол салу болжануда» [5, 65 б.].

Экономикалық өсуге қол жеткізуде ол адами факторды шешуші фактор деп санады. Қазақстанның экономикалық ілгерілеуін олар ең алдымен, сауатсыздықты жоюдан және қазақ халқы өкілдерінің ішінен біліктілігі жоғары жұмысшылар мен мамандарды даярлаудан, олардың ғылымның жетістіктерін қолдана білген шығармашылықтық және жасампаздық еңбектерінен, кеңестік қоғамда орын алған белгілі бір артықшылықтарды дұрыс пайдалана білуден көрді.

«Қазіргі уақытта, - деп жазды, Смағұл Садуақасов, - елді мүлдем күйзелістер күтіп тұрған жоқ, елді шығармашылықтық және бейбіт жұмыс күтіп тұр және оны жаңа экспроприациялар құтқармайды, оны еңбек пен ғылым құтқарады» [6].

Бұдан әрі, қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық мақсаты үшін бірінші кезектегі ең маңызды жетістік жолдарын көрсете отырып, ол былай деп сендірді «бұл үшін денсаулық сақтау дәрігерлері, ветеринарлар, агрономдар және барлық мамандық бойынша инженерлер керек. Және бұл адамдар қырғыз (қазақ - авторлар) жастары болуы керек ...

Шығысқа Еуропа өркениетінің техникасы керек және тек қана техника...

Еңбекші топ үлкен назар салып өздерінің басшыларын қадағалап отыр, олар осы кең байтақ даланы тірілте және жаңарта ала ма деп. Ал бұл тапсырманы біз заманауи техникалық ғылыммен қаруланғанда ғана орындауымыз мүмкін» [40, с. 347-349].

Адами фактордың дамуында осы тәріздес көзқарастарды басқа да мемлекет қайраткерлері ұстанды.

Жоғарыда аталғандардың барлығы экономикалық өсу мәселесін шешу туралы сұрақтардың Қазақстандағы социалистік құрылыстың бірінші жиырма жылдығында көрнекті басқарушы тұлғалардың еңбектерінде және әрекеттерінде аса маңызды болып табылғандығын дәлелдейді. Экономикалық өсу бойынша олардың экономикалық көзқарастарын талдау олардың жергілікті халықтың сауатсыздығын жоюмен және біліктілігі жоғары кадрларды даярлаумен ұштастырылатын дамытудың интенсивті жолы экономикалық өсу мәселесін түбегейлі шешетін жол деп түсінетіндігімен сипатталады.

Өкінішке орай, елдің қазіргі басшылығы, талданып отырған кезеңнен бір ғасырға жуық уақыттан кейін, тәуелсіз даму жылдары 80-90-шы жылдардағы көрсетілген бірқатар мәселелерді шеше алмай келеді. Мысалы, қазақ жастары арасынан индустрия салалары үшін біліктілігі жоғары маман-кадрларды және инженерлерді даярлау мәселесі. Бұл қазіргі мемлекеттік шенеуніктердің алдыңғы ұрпақтың экономикалық идеяларына, өкінішке орай, қызықпайтындығымен түсіндіріледі. Ал бұл соңғы кезекте, Қазақстан Республикасының экономикалық өсуіне теріс әсерін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. ЦГА РК, ф. 962, оп. 1, д. 33, л. 9
2. Т.Р.Рыскулов. Собрание сочинений в трех томах. Алматы. «Казахстан», 1997-1998
3. Сейфуллин С. Собр. Соч., в 5-ти томах. Т. 5, Алма-Ата: Жазушы, 1988
4. ЦГА РК, ф. 30, оп. 1, д. 120, л. 100
5. Нығмет Нурмаков. Шығармалар жинағы. Алматы, «Алаш», 2005
6. АП РК, ф. 139, оп. 1, , д. 541, л. 139
7. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2 том. Алматы, «Алаш» 2003.

ЗАКОНОДАТЕЛЬНОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ КОНКУРЕНЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

Кемел М.

Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева,

г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: makekemel@mail.ru

Развитие конкурентной борьбы в Республике Казахстан претерпело ряд изменений основное из них связано с нормативно-правовым регулированием со стороны государства. Законодательное регулирование экономической конкуренции в Республике Казахстан началось с принятия Закона «О недобросовестной конкуренции» в 1998 году. До этого были приняты Законы: «О защите и поддержке частного предпринимательства» (4.07. 1992 г.), «О частном предпринимательстве» (31.01.1996 г.), «О государственной поддержке малого